

Жер қатынастарын реттеудің кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 24 қаңтар N 1516. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1997.07.14. N 158 Заңымен. ~ Z970158

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Заңының негізінде және жер қатынастарын құқықтық реттеуді жетілдіру мақсатында

қ а у л ы е т е м і н :

1. Азаматқа немесе занды тұлғага жер төлемі уақытша пайдалану үшін жалдау шартымен 5 жылға дейінгі /қысқа мерзімді жалдау/ және 99 жылға дейінгі /ұзақ мерзімді жалдау/ мерзімге беріледі деп белгіленсін.

2 , 3 , 4 .

Ескерту. 2,3,4-ші тармақтардың күші жойылған - ҚР Президентінің 1995.05.12. N 2269 Жарлығымен U952269_

5. "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16 бабында тізбеленген Қазақстан Республикасының азаматтары, олардың республиканың аумағында тұрған мерзіміне қарамастан, жер телімін мұралықпен өмірлік иеленуге алуға құқылы деп белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

аудыл шаруашылық мақсатында емес жылжымайтын мүлікті, соның ішінде құрылышы бітпеген объектілерді жекешелендіру кезінде азаматтың немесе занды тұлғаның жер телімін пайдалану немесе жалдау құқын иеленуінің тәртібін бір ай м е р з і м д е б е к і т е т і н б о л с ы н ;

Ескерту. 6-шы тармақтың үшінші абзацы күшін жойған - ҚР

Президентінің 1995.05.12. N 2269 Жарлығымен.

7. Осы Жарлықтың зандық күші бар және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зандарына тиісті өзгертулер мен толықтырулар енгізгендеге дейін күшін сақтайды.

8. Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Алматы қаласы, 1994 жылғы 24 қаңтар
N 1516

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК